

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 136-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актіні қабылдасын және қабылданған шаралар туралы келесі тоқсанның 20-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 16 қазандағы
№ 136-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің , басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

				Орындалуына жауапты	Құқықтық актіні сапалы және уактылы
--	--	--	--	------------------------	---

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Құқықтық актінің нысаны	мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	әзірлеу мен енгізуге жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтарды, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын және Қарулы Күштердің,	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қорғанысмині, ИМ, ҰҚК (келісу бойынша), МКҚ (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ТЖМ	2020 жылғы қазан	Р. Н. Шпекбаев
1	2	3	4	5	6
	басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандар тізбесін бекіту туралы				
2.	"Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтарды және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 155 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығы	Қорғанысмині	2020 жылғы қараша	Р. Н. Шпекбаев

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

ИМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

МКҚ – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі